“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ”
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
“ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН”

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

28.08.2019-ғы № 03-18/3658 шығыс
хаты

«Акмешит-Мелиоратор» ЖШС-не

Сіздің 09.08.2019 жылғы № 52019 және 08.08.2019 жылғы № 51992 санды өтініштеріңізге:

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің өтініштеріңізге сәйкес, «Келес ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №3473167-1 «Бірлесу ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын күрделі-қалпына келтіріп жөндеу (КҚКЖ) бойынша жұмыстар» ашық конкурсына камералдық бақылау жүргізілді.

Камералдық бақылаумен төмендегілер анықталды.

ҚР ҚМ 11.12.2015 жылғы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі – Қағида) 155 тармағында, *егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.*

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын

28.08.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады делінген.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Акмешит-Мелиоратор» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдіктерді кем есептегіндігі расталмады.

Бұдан басқа, конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші «Қуат – құрылыс» ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдікті дұрыс есептегендігі расталды.

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдей келе, ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Заңның 47 бабы 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылатынын ескертеміз.

Департамент басшысының
орынбасары **Т.Тултебаев**

✍: *Т.Алимтаев*
☎: *35-06-06*

28.08.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)